

егемен

Азатстан

## Кемел кез

Әр өнер адамының өз жолы – өз соқпағы, өз сүрлеуі бар. Бұл жолдан сүрінбей шығу үшін – қаншама кезендерден өтіп, өнер кеңістігінде өнегелі із қалдырып, абырой биігіне көтерілу оңайлықпен жүзеге аспайды. Көп тер төгіп, еңбек ету – өнер еншісі. Табиғаттың өзі сыйға тартқан туа бітті талантты тәрк етпей, аялап, күтіп-баптап, ізденімпаздықпен өмір сүру – ізгіліктің белгісі, ұлтын сүйген ұрпақтың ұлағатты ісі болып табылары хақ.



Тағдыры да, таланы да туған топырақпен біте қайнасқан Семейдің семсердей перзентінің жүзі тау-тасқа шағылса да, тауаны қайтып, ауаны азайған емес. Көкірек көмбесіндегі өнер оты одан сайын өршіп, өршіл-өндірі жастық тасы өрге домалады.

Кенжеғали өнерге деген алғашқы қадамынан-ақ алысқа тартар құштарлығын айқын аңғартқан еді. Балалық шақ, мектептегі жылдар, бозбала кезең, жігіттік жол, студенттік шақ, өнердегі биік белестер... Осы өткелдердің бәрінде де жас Кенжеғали, бала Кенжеғали, жігіт Кенжеғали үнемі алғы шепте жүрді.

Өнердің алғашқы баспалдағын Алматыдан – Алатау етегінен бастаған Кенжеғалидың талант тұғыры көтеріліп, ән әлеміндегі көкжиегі бірте-бірте кеңейе берді. Алматыда өсіп-өніп, есейіп, қалыптасу кезеңдері өтті. Сол бір жылдар жүзінде Ресейдің рухани бесігі – Санкт-Петербург қаласынан тағылымды тәлім алып, білім қоржынына алтын қазына қосты. Ел аралады, жер көрді. Кеңестік кеңістіктегі талай қалаларда болып, талғамы биік орталарда өз өнерін сарапқа салды.

Кеңес Одағы ыдырап, қазақ елі еркіндікке, тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін Кенжеғалидың өнер жолында өзгеше бір серпіліс пайда болды. Қалай болғанда да қызыл империяның қыспағынан қыстығып, еркін дауысын шығара алмай жүрген тұмса талант, осы бір оңтайлы сәтте, тордан босанған бұлбұлдай еркін самғады. Бұрын да бойында булығып жүрген ұлттық үрдіс, елдік сана енді еркіндіктің ерен үлгісін көрсетті. Сол кезде Кенжеғалиға Абай рухы жол ашты.

Ол өнер адамы ретінде өз алдына мақсат қойды. Ол мақсатына тағы да Абай рухы көмекке келді. Өзінің концерттік бағдарламалары арқылы ел тарихын, оның ұлы тұлғаларының қадір-қасиетін халыққа жеткізуде үлкен ізденімпаздықпен ізгі қадамдарға барды. Туған жерінің өңірін түгел аралап, полигоннан зардап шеккен бұқара халыққа рухани көмек бере отырып, қайырымдылық шараларын өткізген кездері де болды. Бұл арада әншінің азаматтық позициясы анықталады.

Абай ауылынан басталған жол, Алатауда аз аялдап, Астанаға да жетті. Ол – Ақмоладан Астана атын енді ғана еншілеп жатқан кез еді. Өнер адамдарының ең алғашқысы болып, Алматы төсінен қырандай самғап Ақмоладан бір-ақ шықты. Астана Ақмола облысынан толық ажырап, елордаға айналып үлгермеген болатын. Ол кезде облыста қажырлы қайраткер Жәнібек Кәрібжанов басқаратын. Кәрібжанов шаруадағы іскерлігімен қатар, өнерге де жақын адам еді. Кенжеғалидың тек өнер жолында ғана емес, мәдени шаралардағы ұйымдастырушылық қабілетіне бұрыннан тәнті болып жүретін. Болашақ Астананың іргетасы берік болуы үшін берекелі істі бүгіннен бастау керектігін жете түсінген Жәнібек Сәлімұлы Кенжеғалиға «құда түсті». Астана туралы әңгіме енді басталып жатқанда бірден жетіп келуге көп адамның жүрегі дауаламайтын кезде белгілі тұлғаларды бері тарту оңайға түспейтін еді. Қай кезде де жанашылдыққа жаны құштар Кенжеғали Жәнібектің уәжіне қарсылық көрсеткен жоқ. Ондағы ойы – болашақ Астананың іргесін біз қаламасақ, Алматыда ұйыған рухани үрдісті Елордаға біз әкелмесек, кімге арқа сүйеп, иек артамыз. Астана болып-толып жатқанда, бәлкім екінің бірі келе берер. Астанаға алғашқылардың бірі болып келіп, үлкен өнерге арна тартайын, көш бастап көрейін деген көрікті ой көкірегінен кетпей, жүрегін жаулап алды.

Сөйтіп, Астана филармониясының алғаш негізін қалап, қалыптастыру құрметі Кенжеғалиға бұйырды. Бұл тек құрмет қана емес, құдіретті күшті талап ететін, қажыр-қайратты қалайтын қайраткерлік жолдың бастауы еді... Ол өзінің қасына филармонияның көркемдік жетекшісі етіп, көрнекті өнер қайраткері, музыка зерттеушісі, әрі дирижер, әрі композитор Қайыржан Мақановты алып, таудай іске зор талаппен кірісіп те кетті. Ақыры, көп ұзамай, ізгі ізденіс өз жемісін берді. Астанада алғаш рет филармония қалыптасқаннан кейін Кенжеғали енді ұлт-аспаптар оркестрін құруға құлшыныс жасады. Бұл ниетінің де үдесінен шықты. Нәтижесінде астана

филармониясы, оның жанындағы ұлт аспаптар оркестрі Астана атынан төрткүл дүниені аралап, қазақ өнерін алыс-жақын шетелдерге кеңінен насихаттау жұмысын үлкен дәрежеге көтеріп, атағын аспандатты.

Кенжеғалидың ұйымдастырушылық қабілеті – ғылым-білімге, шәкірт тәрбиелеуге ұласты. Астанадағы Музыка академиясының сол тұстағы кафедра меңгерушісі, өнер ордасының профессоры бола жүріп, ұрпақты өнерге баулудың өзгеше үлгісін көрсетті. Әр жерде «Астанаға – ән шашу» бағдарламасын ұйымдастырып, жас өнерпаздардың бағын ашып, өрісін кеңейтті. Сөйтіп, Астананың алғашқы асуында, өнер-білім жолында Кенжеғалидың кемел кезеңі басталды. Үнемі алғашқы бастамалардың қолдаушысы болып жүретін Кенжеғали Елбасының белгілі қайраткерлердің ел ішіне, аудан, облыс көлемінде шаралар ұйымдастырып, әсіресе, әлеуметтік салаларға жетекші болу қажеттігін айтқан ұсынысына бірден ден қойып, өз туған өлкесі – Шығыс Қазақстан облысының орталығы Өскемен қаласына бет түзеді. Бұл тұста осы өлкеге өзіне де, өнеріне де үнемі жанашырлық көрсетіп жүретін Жәнібек Кәрібжановтың басшылық жасауы Кенжеғалиға көп қиындық келтірген жоқ.

Кенжеғалидың қазіргі таңда атқарып жатқан ауқымды ісі әмбеге аян. Астанадағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде профессор бола жүріп ол осы оқу ордасындағы «Кәусар» мәдени-танымдық бірлестігіне жетекшілік етеді. Мақсаты – әдебиет, өнер, ғылым жолындағы белгілі қайраткерлерді Астанадағы іргелі оқу орны студенттерімен жүздестіріп, келелі кездесу өткізіп, танымдық-тағылымдық тәрбиені қалыптастыру. Осы ниетте ол биылғы жылдың өзінде композитор Е.Рахмадиев, жазушы Ә.Тарази, ақындар К.Салықов, И.Сапарбаев, К.Әмірбековтермен студент жастарды жүздестіріп, сыр-сұхбат өткізді, шығармашылығын саралап, әңгіме-дүкен құрды. Бұған осы күнгі университет ректоры Ерлан Батташұлы Сыдықовтың қолғабысы мол болғанын айта кеткен абзал. «Кәусар» бірлестігі алдағы уақытта да танымал тұлғалармен кездесулер өткізіп, әдебиет, өнер, ғылым көкжиегін кеңейте берері хақ.

Сөз аяғында Кенжеғалидың әншілігі хақында аз-кем әңгіме. Тенор дауысты Кенжеғали Мыржықбаев – Қазақстандағы әйгілі әншілердің бірі. Мәскеу, Санкт-Петербург мектебінен өткен талантты әнші көп жылдар Алматыдағы Абай атындағы опера және балет театрында бас кейіпкерді сомдаушы беделді әншілердің бірі болды. Абай, Біржан, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Мәди әндерін әлемге танытуға зор үлес қосты. Сондай-ақ, Қазақстанның композиторларының әндерін де кеңінен насихаттап таратуда тер төгіп, сүбелі үлес қосып келеді.

**Серік ТҰРҒЫНБЕКҰЛЫ, ақын**